

"Ащысай полиметалл комбинаты" акционерлік қоғамының шахталық су төккішін Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің резерв қорынан қаржыландыру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 15 мамырдағы N 676

Мырғалымсай кен орны рудниктерінің шахталық су төккіштері тоқтауының экологиялық және әлеуметтік қауіптілігін, сондай-ақ "Ащысай полиметалл комбинаты" акционерлік қоғамының қаржылық жағдайының ауырлығын ескеріп Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "Ащысай полиметалл комбинаты" акционерлік қоғамының Мырғалымсай кен орны рудниктерінің шахталық су төккіштеріне қатысты шығынды қаржыландыру үшін республиканың Өнеркәсіп және сауда министрлігіне Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің резерв қорынан 100 (жүз) млн. теңге бөлінсін.

2.

<*>

ЕСКЕРТУ. 2-тармақтың күші жойылған - ҚРҰ-нің 1998.05.13.N 431 қаулысымен.

P980431_

3. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі 1995 жылғы 1 шілдеге дейін "Ащысай полиметалл комбинаты" акционерлік қоғамының Мырғалымсай кен орны рудниктерінің консервация жобаларын белгіленген тәртіппен бекітетін болсын.

Қазақстан Республикасы
Премьер-министрінің
бірінші орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК